

Сыбайлас жемқорлық тәуелкелдеріне ішкі талдау

«Сырым аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің 2017 жылғы 10 айында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобымен 2017 жылғы 23 қазаннан бастап 26 қазан аралығында 2017 жылдың 10 айлық кезеңіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілген.

Атап айтсақ «Сырым аудандық экономика және қаржы бөлімі» қызметкерлері төмендегідей кодекс, заңдарды және нормативтік құқықтық актілерді жұмыс барысында пайдаланды.

«Құқықтық актілер туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» №183 қаулысы, Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген, Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы №648 бұйрығы, Сырым ауданының әкімдігінің 2013 жылғы 29 қаңтардағы №10 қаулысымен бекітілген «Сырым аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ережеге сәйкес мамандар жұмыстанған.

Аудандық экономика және қаржы бөлімінің қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдауына 2017 жылғы 10 айында келесі бағыттар кіреді:

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысушылығы;

Аудандық экономика және қаржы бөлімінің 1 бас маманы зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмыс орны босады. 2017 жылдың 7 қыркүйегінен «Сырым аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың бірыңғай конкурстық комиссиясының хаттамасының қорытындысы негізінде 1 бас маман жұмысқа алынды.

Кадр ауысушылығы тіркелді.

Мекемедегі 6 әкімшілік мемлекеттік қызметшінің 5-і аттестациядан өткен, 1 мемлекеттік қызметші зейнеткерлік жасқа келуіне байланысты аттестациядан босатылған. Аттестация қорытындысымен 5 мемлекеттік қызметші «атқаратын қызметіне сай келеді» деген шешім қабылданған.

Сырым аудандық экономика және қаржы бөлімінің 1 мемлекеттік қызметкеріне өзіне жүктелген міндеттерін орындамағаны (лауазымдық міндеттерін атқаруда жіберген кемшіліктеріне байланысты) үшін ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылған. Басқа қызметкерлерде тәртіптік жазалары жоқ.

Барлық мемлекеттік қызметшілер кірістер және мүлік туралы декларацияларды мемлекеттік кірістер органдарына уақытында ұсынды.

Мүдделер қақтығысы фактілері орын алмаған;

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын ішкі бақылау бойынша және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін алдын-алу мақсатында, тиісті шаралар қолдану үшін бөлімде «сенім телефоны» жұмыс істейді және шағымдар мен ұсыныстар үшін пошта жәшігі ілінген. Есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардан лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері бойынша «сенім телефонына» қоңыраулар және пошта жәшігіне шағымдар түспеген.

Мекемеде рұқсат беру функциялары жоқ;

Мекемеде бақылау функциялары жоқ;

Коммуналдық меншікті басқару бойынша 20 бұйрық тіркелді, мемлекеттік қызметшілердің қозғалысы жөнінде 49 бұйрық «е-қызмет» ықпалдастыру ақпараттық жүйесіне енгізілді.

2017 жылғы 10 айында жеке тұлғалардың 11 өтініш тіркелген. Заңды тұлғалардан өтініш түскен жоқ, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша өтініштер келіп түспеген. Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес өтініштердің қарастыру мерзімі мен қарау тәртібі қатаң сақталады. Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер веб-ЕУОЛ бағдарламасына уақытылы тіркеліп, аудан әкім аппаратының жалпы бөліміне жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің тоқсандық, жарты жылдық, жылдық есептері, айлық анықтамалар, акттер және мәліметтер уақытымен тапсырылған.

Бұқаралық ақпарат құралдарына өткізілген мониторингі («Сырым елі» қоғамдық саяси аудандық газеті, Сырым ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсы) мекеменің мемлекеттік қызметшілеріне қатысты теріс материалдары болмағанын көрсетті.

Прокурорлық қадағалау актілері келіп түспеген.

«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығын іске асыру мақсатында 2017 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Сырым аудан әкімімен бекітілген іс-шаралар жоспарына сай жұмыстар үнемі атқарылып отырған.

Сондай-ақ қызметкерлердің құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын арттыру мақсатында бөлімде құқықтық оқыту жоспарына сай 2 рет өткізілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2 плакат бөлім ішінде орналастырылған.

Жоғарыда айтылған негізінде, жұмыс тобымен «Сырым аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2017 жылдың 10 айында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы семинар-тренингтер, құқықтық оқуларды биылғы жылдың IV- тоқсанына өткізуді және аудандық экономика және қаржы бөлімінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстарының нәтижесін 2017 жылдың желтоқсан айында ұсынатын боламыз.

Бөлім басшысы



М.Шалабаев